

Х-ХV ғасыр жазба мұраларындағы ономастикалықкеңістік**Арғынбай А.**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология
Факультетінің 4-курс студенті

Тіл тарихы халық тарихымен тығыз байланысты. Тіл барлық қоғамдық құбылыс сияқты өзгеріп отырады. Лексикалық құрамдағы актив сөздер де, пассив сөздер де қоғамның дамуы, өсуімен бірге өзгереді. Осындай құбылыс ономастикалық лексикаға да тән. Бұл лексикалық категорияның құрамында көне дәуірден келе жатқан, атам заманғы ескі атаулармен бірге жаңа дәуірде пайда болғандары да бар.

Қазақ ономастикасын дәуірлерге топтастыру шығу тегі мен қалыптасу тарихын жүйелеу жолдарының бірі болып табылады. Бізге жеткен деректер екі түрлі бағытта көрініс береді: біріншісі *жазба мұралар арқылы жеткен*, екіншісі – *ауызша жетіп, этимологиялық табиғаты бойынша қай дәуірлерге жататыны анықталған атаулар*.

Топонимдер әр тілдің лексикалық қабатының салмақты бөлігін құрайтыны белгілі, бұл ең алдымен, кеңістікте бағыт алу мақсатында қалыптасқан адам санасындағы географиялық болмыс көрінісінің алғашқы тұрпаты. Топонимдердің тағы бір маңызды ерекшелігі – бұл көптеген мәдениетте географиялық нысан – бұл тіл, мәдениет, тарихи, география, дәстүр, этностың өзін-өзі тану ескерткіші, тарихи қатынастың құрылымдық элементтерінің бірі.

Жалқы есімдер саны тілдегі көпшілік қолданысындағы жалпы есімдер санынан асып түсетіндігі қызығушылық тудыратын жайт, себебі олар жаңа атау ретінде, жаңа мағынада қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру үшін қалыптасып отырады.

Г.Г.Амелин мен В.Я. Мордерер көркем шығарма құрамында жалқы есімдердің қолданылуы туралы келесіні айтады: «Жалқы есімдер жай қарапайым берілген бірлік емес, белгі ретінде басқа белгілермен алмастырылуы мүмкін, сол кезде ол қолданыстан шығады. Шығармада жалқы есімдер күрделі ұйымдастырылған және анық тұлғаны ұғыну бірлігі жиынтығынан құралады. Жалқы есімнің туындауы және автордың жалқы есімді туындатуы шығарманың жазылмаған ережесі»[1,64].

Көркем шығарма антропонимиясы мен ақиқат өмірдегі антропонимдердің қатынасында алшақтық бар. Себебі автор болмыспен шектелмей, еркін жазады.

XI – XIV ғасырлардағы қазіргі қазақ тіліне тән сөздер мен этнонимдерді, көптеген ономастикалық материалдары Махмұд Қашқаридің «*Диуани лұғат ат-түрік*» және кумандар тілінің сөздігі «*Кодекс Куманикус*» сияқты еңбектерден мол кездестіреміз. Профессор Ғ.Мұсабаев М.Қашқари еңбегіндегі арғу, басмыл, дулу этнонимдерін талдай отырып, оларды осы күнгі қазақ болып жүрген тайпалар деп айтқан. Бұл ескерткіштегі лексиканың көпшілігі, грамматикалық форматтары қазіргі тілімізге ұқсас екені де айтылып жүр. Бұл үш томдық сөздікте саны 400-дей ономастикалық атаулар берілген. Орта ғасырда шыққан антропонимдердің басым көпшілігі ислам дінінің ықпалымен пайда болды. Ислам діні алғаш Оңтүстік Қазақстанға, кейінірек X ғасырда Жетісуға, одан кейін Орталық Қазақстанға енгенін тарихтан білеміз. Исламды дамытуға Қараханидтер көп күш жұмсаған. Дін және діни кітаптар арқылы көптеген араб сөздері мен кісі аттары енді.

Қазақ антропонимдерінің шығуына, даму кезеңіне моңғол үстемдігінің аз да болса әсері тиді. Моңғол тілінен енген сөздердің тарихын тек моңғол шабуылына байланысты кірген демей, моңғол халқымен тым ерте қоян-қолтық араласу кезінде болғанын да ескеруіміз керек.

Моңғол үстемдігі кезінде енген кісі аттары сан жағынан онша көп емес. Тек моңғол хандары мен әскер басыларының аттары және әскери атақ, мансапқа байланысты санаулы сөздер. Мысалы, Шағатай, Батый, Сыпатай (Субэдей), Ноян, Ноянбай, Нөкербек, Түмен, Түменбай, Сайын т.б.

Бұл кісі аттары тіліміздің дыбыстық заңына бағынып, халықтық тілдің айтылу нормасына сай бейімделіп, өзгеріп кеткен. Оның үстіне ол сөздерден кісі аттарын жасауда бай, бек сөздерін қосып, біріктіретінтәсілін қолданған[2,59].

Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген антропонимдер: Жұбан, Қайп, Тоқтамыс, Едіге, Асан, Жүсіп, Бекболат, Бекқажы, Дәуіт, Махмұт, Темірболат, Рүстем, Зухра, Жамал, Бану, Ордабек типтес есімдер – XI – XV ғасырларға тән жазба немесе архитектуралық ескерткіштерде кездеседі. Мысалы, Кеңгір, Сарысу өзендері алқабынан табылған XII ғасырға тән архитектуралық ескерткіштер: Жұбан ана, Қайып ата, Мәулімберді, Айша-Бибі ғимараттары сол адамдардың өз есімдерімен аталған. XIV ғасырға тән хан жарлықтарындағы кісі аттары: Тоқтамыш, Эдеку, Бекболат, Бек хажы, Давуд, Махмұд, Тұман[2,60].

Осы ғасырдағы «Мухаббат-намедегі» кісі аттары: Азер, Сүлейман, Әли, Фархад, Ләйла, Мустафа, Әбәд, Зухра, Жамал, Жанат, Хабиб т.б. Ол кездегі есімдер мен қазіргі қазақ есімдерінің арасында айта қоярлықтай ерекшеліктер байқалмайды да. Олардың негізгі айырмашылығы тек дыбыстық құбылыста ғана болып отырғанын айта аламыз.

«Құтты білік» ескерткішінің ономастикалық жүйесі

1. Топонимдер: жер қыртысының атаулары, су нысандарының атаулары, қала атаулары т.б.

Қала: Құзорда (Баласағұн), Қашқар, Машын,
Жер қыртысы атаулары: Тянь-Шань (Аспантау),
Су нысандарының атаулары: Қызылсу,

2. Кісі есімдері

Шығармадағы антропонимдерді мынадай топқа бөлеміз:

1) Ойдан шығарылған кісі есімдері: Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Одғұрмыш, Ерсік, Көсәміш.

2) Хан, патша есімдері: Тавғаш Қара Бұғра, Афрасийаб, Алып Ер Тоңға, Нушин рауан, Хұсрау, Қайсар, Нұшырбан.

3) Ғұлама, ғалымдардың есімдері: Лұқман, Ұқлидис (Евклид).

4) Жаулап алушы: Ескендір Зұлқарнайын.

5) Аңыздарда кездесетін кейіпкерлер: Шаддад, Намруд, Фарун, Қарын, Рүстем.

6) Пайғамбарлар есімі: Мұса, Сүлеймен, Иса, Мұхаммет.

7) Халиф есімі: Қайдар (Әзірет Әлінің лақап аты).

8) Автор есімі: Жүсіп.

3. Аспан денелерінің атаулары. Қозы, Үд, Әрәндір, Қушық, Арыстан, Бұғдай басы, Үлгі, Чадан, Иа, Оғлақ, Көнәк, Балық, Күн, Ай, Руми қызы, Миррах, Үркер. Қарақұс, Иылдырық, Айғыр, Иәтікен, Саратан, Сәбит, Арзу, Иалчық, Оңай, Күрүд.

4. Этнонимдер

Ягма, Өтүкен, түрік, тәжік, шегіл, Қытай, Ыла.

5. Теонимдер

Алла, Құдай, Тәңір, Хақ [1,59].

«Диуани хикмет» ескерткішінің ономастикалық жүйесі

1. Топонимдер:

Хорасан, Шам, Ғирақ, Мекке, Түркістан, Мәдине.

2. Антропоним:

1) Шығарманың басты кейіпкері: Ахмет, Қожа Ахмет, Құл Қожа Ахмет, Міскін Ахмет, Шайыр Ахмет, Әзіреті Сұлтан.

2) Тарихи тұлға: Баязит.

3) Құран-кәрімнен алынған: Айыб, Мұса, Сүлеймен.

4) Әдеби кейіпкер: Зылиха, Ләйлі, Мәжнүн, Фархад, Шырын.

5) Дін жолын ұстанған шайықтар: Зүннүн Мысри, Шәблі Шайық Мансұр, Хасен Басри.

6) Пайғамбарлар есімдері: Зәкәрия, Айыб, Мұхаммед.

3. Теонимдер

Тәңір, Алла, Құдай, Ғафар, Жабар, Иаздан, Изат, Ламакан, Уаһһаб, Паруардигар, Сатар, Самад, Хайй.

Бұл атаулар «Жаратушы» ұғымын білдіретін, халықтың аялық біліміне қарай қабылданылатын, яғни терең діни-шариғат жолына түскендерге ғана белгілі теңеу сөздер.

Мұндағы: Ғафар – а., Құдайдың эпитеті, Жабар – а., Алланың сипаты, Иаздан – п., Құдайдың аты, «игілік тәңірісі» дегенді білдіреді. Изат – а., «Жаратушы ие», Ламакан – а., «Мекенсіз, үйі жоқ, орны жоқ», Алланың теңеуі, жасаған Құдай. Уаһһаб – а., «жомарт, кең, қолы ашық», Құдайдың теңеуі. Паруардигар – п., «Жаратушы, Хақ, Құдай». Сатар – а., Құдайдың теңеуі, «Жаратушы, қамқоршы». Самад – а., «мәңгі, мәңгі өшпейтін Алла». Хайй – а., «тірі, өмір сүруші, мәңгі тірі, өлмейтін», Алланың теңеуі [1,90].

«Мұхаббат наме» ескерткішінің ономастикалық жүйесі

1. Топонимдер:

Шам, Рұм, Үрім, Мысыр, Кәнан, Иерусалим, Қашқар, Кашмир

2. Антропоним:

1) Пайғамбар есімдері: Сүлеймен, Мұса, Иса, Мұхаммед, Мұстафа, Аюп

2) Ғұлама, дана есімдері: Апылатон

3) Халиф есімдері: Мұхаммед Хожа бек Әли

4) Шығарма кейіпкерлері: Рүстем, Хұсрау, Шырын, Фархад, Хатым, Ләйлә, Мәжнүн

3. Су нысандарының атаулары:

Ніл, Көк теңіз

4. Теонимдер

Тәңір, Алла, Құдай

5. Аспан денелерінің атаулары:

Утарид (Кіші Шолпан, Арзу, Меркурий), Нафид (Шолпан, Зухра, Венера, Сәбит), Муштари (Есекқырған, Юпитер, Оңай), Ай

«Ақиқат сыйы» ескерткішінің ономастикалық жүйесі

1. Топонимдер: Үгүнек

2. Антропонимдер:

1) Халифтердің лақап аты: Садық, Фарух, Зун-нураин

2) Халифтердің аты: Әли, Сәлім, Омар, Оспан

3) Би, патша: Айаз, Наушарбан

4) Шығарма арналған ел билеушісі: Арыслан Қожа тархан

3. Аспан денелерінің атаулары: Симак

4. **Этноним:** араб, қоңырат, түрік

5. Теонимдер

Құдай, Алла

Діни сана әр тарихи кезеңде, түрлі қоғамда әртүрлі дәрежеде қызмет атқарып, көрініп отырады. Негізінен оның үш сатысын атауға болады. Бірінші сатысы – діни сана қоғам санасында жетекші орын алады; діни тұрмыс бүкіл қоғамның әлеуметтік тұрмысының құрамды бөлігі болады; әлеуметтік қатынастарда діни сенімдер міндетті түрде ескеріледі; өкімет билігі діни және азаматтық салалардан тұрады. Бұл үрдіс сакрализация (латын тілінде sakra - қасиетті) деп аталады.

Осыған байланысты сакралды ономастика деген түсінік бар. Ол әр дәуірде кездесетін діни атауларға байланысты қолданылады.

Жоғарыда келтірілген еңбектердегі Алла, Құдай теонимдерінің қызметі:

1) Нұрын төгуші;

2) Атын қайталатушы;

3) Адал болдырушы;

4) Жаман құлын азаптаушы;

- 5) Мейірім төгуші;
- 6) Таза жолы бар;
- 7) Жадыда сақтатушы;
- 8) Рақым етуші;
- 9) Тілек орындаушы;
- 10) Тілек орындамаушы;
- 11) Ұмыттырмаушы;
- 12) Жазалаушы;
- 13) Ынтықтырушы;
- 14) Сырласушы;
- 15) Күш иесі;
- 16) Сиындырушы;
- 17) Құдірет иесі;
- 18) Өлгендерді тірілтуші;

Талдау қорытындылары бойынша, көптеген атаулар Х ғасырға дейін пайда болып, еш өзгеріссіз сақталған. Мысалы, Мекке, Түркістан, Мәдине, Қашқар, Есік, Ертіс, Есіл, Асы, Талас, Іле т.б. Ал Х ғасырда пайда болған атаулардың жартысы осы күнге дейін жетсе, біразының атауы өзгеріп немесе қала орны сақталмаған. Біздің заманымызға жеткендері – Сайрам, Арыс, Манкент, Шарапхана, Түркістан, Иқан, Созақ.

Жер-су атаулары тіліміздегі ең көне сөздер ретінде ерте замандардан жеткен ұлтымыздың ұлы рухани мұрасы. Айрықша тілдік табиғаты, тұрақтылығымен бізге беймәлім арғы бабаларымыздың тілінде өрнектелген ежелгі атаулардың қазіргі тілдік айналымда болып, қоғам қажетін өтеуінің өзі феномендік факт. Мәселен, ұлтымыздың өз атауы *қазақ*, еліміздің *Қазақстан*, *Қазақ елі* атауынан бастап, *Каспий*, *Талас*, *Ертіс*, *Қазығұрт*, *Сырдария*, *Талғар*, *Маңғыстау*, т.б. сынды атаулар ескі заманнан жеткен «заманауи» сипаттағы тарихи атаулар. Бұл атауларды тарихи деп атауымыздың өзі шартты, себебі есте жоқ ерте замандарда пайда болған бұл атаулар әлі күнге дейін белсенді мекен-жайлық, мәдени-кумулятивтік қызмет атқарып келе жатқандығымен ерекшеленеді.

Т.Жанұзақ қазақ өркениетінің алтын бесігі есебіндегі ұлы Сырдария, Іле, Ертіс, Жайық, Каспий сағалары әлемнің көне өркениет ошақтары –Ніл, Ефрат, антикалық Рим, Эллада мәдениеттерімен пайда болу кезеңі жағынан да, адамзат өркениетіндегі алатын орны қатар тұра алатын ұлттық, тіптен ортақ еуразиялық мәдениеттің феномені ретінде қарастырылуы қажет деп есептейді.

Ұлттық топонимикада Қазақстанның жер-су атауларын тілдік, тарихи-хронологиялық тұрғыдан төмендегідей жіктеуге болады: 1) ежелгі, мағынасы күнгірттенген субстратты атаулар; 2) көне, жалпытүркілік дәуір атаулары; 3) кірме атаулар (араб-парсы, монғолтектес қабаты); 4) орыс тілінен енген кірме атаулар жүйесі; 5) байырғы және қазіргі қазақ атаулары. Орта ғасырлардағы атаулардың құрамында осы аталғандардың барлығы кездеседі деуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда алдымызда әлі де талай міндеттердің тұрғаны анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сәуле Иманбердиева Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде). Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. 378 – бет.
2. Телғожа Жанұзақ, Қыздархан Рысберген Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: «Азия» баспасы, 2004. 128 бет.
3. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524-б.
4. Жанұзақов Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010. 356 б.
5. Мәдиева Г. Б., Иманбердиева С. Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері – 2005. – 240 б.
6. Байпақов К.Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруна» 2007. – 384 б. – Қазақстан балалар энциклопедиясы (қайта өңделіп, толықтырылған 2-басылымы).

7. Қашғарий М. Девону лугат ит турк. – Тошкент, 1963. – 765б.
8. Әбдірахманова А. Топонимика және этимология. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240б.